

Банктің ірі қатысушысы, банк холдингінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, сақтандыру холдингінің, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру, келісімді қайтарып алу қағидаларын және көрсетілген келісімді алу үшін ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2026 жылғы 31 наурыздағы № 30 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 3 сәуірде № 38324 болып тіркелді

"Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-5-бабының 3-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Банктің ірі қатысушысы, банк холдингінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, сақтандыру холдингінің, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру, келісімді қайтарып алу қағидалары және көрсетілген келісімді алу үшін ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптар (бұдан әрі – Қағидалар) бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулысының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының кейбір қаулыларының құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Банктерді реттеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2026 жылғы 12 шілдеге дейін мыналардың:

1) тоқтата тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілей отырып, Қағидалардың 1-тармағының екінші бөлігінің қолданылуы тоқтатыла тұрсын:

"Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпарат уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырылады, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторына және Бірыңғай байланыс орталығына тиісті нормативтік құқықтық актіні бекіткен немесе өзгерткен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жіберіледі.";

2) тоқтата тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілей отырып, Қағидалардың 2-тармағының қолданылуы тоқтатыла тұрсын:

"2. Қағидаларда Мемлекеттік реттеу туралы заңда, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Банктер туралы заң), "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Сақтандыру қызметі туралы заң), "Бағалы қағаздар рыногы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Бағалы қағаздар рыногы туралы заң), Мемлекеттік және әлеуметтік жауапты қызметтер туралы заңда, Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңда, "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" және "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілген мәндерде қолданылатын ұғымдар пайдаланылады.";

3) тоқтата тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілей отырып, Қағидалардың 4-тармағының бірінші бөлігінің қолданылуы тоқтатыла тұрсын:

"4. Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банктің, инвестициялық портфельді басқаратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (жеке тұлғалар үшін) ірі қатысушысы мәртебесін иелену туралы өтініш талап етілетін құжаттар мен мәліметтерді қоса бере отырып, уәкілетті органға www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы электрондық түрде ұсынылады.";

4) тоқтата тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілей отырып, Қағидалардың 7-тармағының бірінші бөлігінің қолданылуы тоқтатыла тұрсын:

"7. Уәкілетті орган мемлекеттік қызметтер көрсету немесе цифрлық құжаттар сервисі үшін пайдаланылатын ақпараттық жүйелерден:

Қазақстан Республикасының резиденті жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын;

- Қазақстан Республикасының резиденті жеке тұлғада алынбаған немесе өтелмеген соттылықтың жоқ екендігін растайтын;

Қазақстан Республикасының резиденті - заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттарда көрсетілген мәліметтерді алады.";

5) тоқтата тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілей отырып, Қағидалардың 13-тармағының қолданылуы тоқтатыла тұрсын:

"13. Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы ақпарат мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесінде автоматты режимде жаңартылады.";

6) тоқтата тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілей отырып, Қағидаларға 1-қосымшаның 2-тармағының қолданылуы тоқтатыла тұрсын:

"

2.	Мемлекеттік қызметтер көрсету тәсілдері	www.egov.kz "электрондық үкіметі" веб-порталы (бұдан әрі – портал).
----	---	---

";

7) тоқтата тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілей отырып, Қағидаларға 1-қосымшаның 8-тармағының елуінші абзацының қолданылуы тоқтатыла тұрсын:

"Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) құжаттары туралы мәліметтер көрсетілетін қызметті берушіге тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы ұсынылады".";

8) тоқтата тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілей отырып, Қағидаларға 2-қосымшаның жетінші абзацының қолданылуы тоқтатыла тұрсын:

"Дербес деректерді жинауға және өңдеуге және ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.";

9) тоқтата тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілей отырып, Қағидаларға 3-қосымшаның жиырма үшінші абзацының қолданылуы тоқтатыла тұрсын :

"Дербес деректерді жинауға және өңдеуге және ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.";

10) тоқтата тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілей отырып, Қағидаларға 6-қосымшаның 18-тармағының қолданылуы тоқтатыла тұрсын:

"Дербес деректерді жинауға және өңдеуге және ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.".

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және дамыту
Агенттігінің Төрағасы

М. Абылкасымова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Жасанды интеллект және цифрлық даму
министрлігі

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің

Банктің ірі қатысушысы, банк холдингінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, сақтандыру холдингінің, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру, келісімді қайтарып алу қағидалары және көрсетілген келісімді алу үшін ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптар

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Банктің ірі қатысушысы, банк холдингінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, сақтандыру холдингінің, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру, келісімді қайтарып алу қағидалары және көрсетілген келісімді алу үшін ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптар (бұдан әрі - Қағидалар) "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-5-бабының 3-тармағына, 10-бабының 1) тармақшасына, 11-бабының 1) тармақшасына, 12-бабының 9-1) тармақшасына (бұдан әрі - Мемлекеттік реттеу туралы заң), "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10- бабының 1) тармақшасына (бұдан әрі - Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы заң), "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 2-тармағына (бұдан әрі – Рұқсаттар және хабарламалар туралы заң) сәйкес әзірленді және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган, көрсетілетін қызметті беруші) жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - өтініш беруші, көрсетілетін қызметті алушы) банктің ірі қатысушысы, банк холдингінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, сақтандыру холдингінің, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы (бұдан әрі-қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк немесе сақтандыру холдингі) мәртебесін иеленуге келісім беру, келісімді қайтарып алу тәртібін және көрсетілген келісімді алу үшін ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптарды белгілейді.

Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпарат уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырылады, тиісті нормативтік құқықтық актіні бекіткен немесе өзгерткен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде "цифрлық үкіметтің" цифрлық инфрақұрылымының операторына және Бірыңғай байланыс орталығына жіберіледі.

2. Қағидаларда Мемлекеттік реттеу туралы заңда, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Банктер туралы заң), "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының

Заңында (бұдан әрі - Сақтандыру қызметі туралы заң), "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі - Бағалы қағаздар рыногы туралы заң), Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы заңда, Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңда, "Киберқауіпсіздік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көрсетілген мәндерде қолданылатын ұғымдар пайдаланылады.

2-тарау. Қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк немесе сақтандыру холдингінің мәртебесін иеленуге келісім беру тәртібі

3. Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, мемлекеттік қызмет көрсету нысанын және нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар және талаптар тізбесі, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі, сондай-ақ өзге де талаптар (бұдан әрі – Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі) Қағидаларға 1-қосымшада келтірілген.

Көрсетілетін қызметті алушыға Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлерін жүзеге асыруға келісім беру Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

4. Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысының (жеке тұлғалар үшін) мәртебесін иеленуге өтініш талап етілетін құжаттарды қоса бере отырып, Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша www.egov.kz "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы электрондық түрде уәкілетті органға ұсынылады.

Ескерту. 4-тармағының бірінші бөлігінің осы редакциясының қолданысы 12.07.2026 дейін тоқтатылады – осы бұйрықтың 5-тармағымен.

Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысының, банк холдингінің немесе сақтандыру холдингінің (занды тұлғалар үшін) мәртебесін иеленуге өтініш талап етілетін құжаттарды қоса бере отырып, Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша портал арқылы электрондық түрде уәкілетті органға ұсынылады.

Өтініш беруші өтінішті портал арқылы жіберген кезде "жеке кабинетте" нәтижені алу күні мен уақыты көрсетіле отырып, автоматты түрде мемлекеттік қызмет көрсетуге сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

5. Көрсетілетін қызметті берушінің хат-хабарды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті қызметкері өтініш түскен күні оны қабылдауды, тіркеуді және орындау үшін мемлекеттік қызметті көрсету үшін жауапты бөлімшеге (бұдан әрі – жауапты бөлімше) жіберуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушының өтініші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері түскен жағдайда өтініштерді қабылдау Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

6. Жауапты бөлімшенің қызметкері ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі және (немесе) қолданыс мерзімі өткен құжаттар анықталған жағдайда, жауапты бөлімше көрсетілетін қызметті алушының қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк немесе сақтандыру холдингінің мәртебесін иеленуге құжаттарын алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өтінішті бұдан әрі қараудан бас тарту туралы дәлелді бас тарту дайындайды және оны портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жібереді.

7. Уәкілетті орган мемлекеттік қызметтерді немесе цифрлық құжаттар сервисін көрсету үшін пайдаланылатын цифрлық жүйелерден:

Қазақстан Республикасының резиденті - жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын;

Қазақстан Республикасының резиденті - жеке тұлғаның алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқтығын растайтын;

Қазақстан Республикасының резиденті - заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы құжаттарда көрсетілген мәліметтерді алады.

Ескерту. 7-тармағының бірінші бөлігінің осы редакциясының қолданысы 12.07.2026 дейін тоқтатылады – осы бұйрықтың 5-тармағымен.

Ұсынылған құжаттардың толық болуы фактісі анықталған жағдайда жауапты бөлімше құжаттарды 36 (отыз алты) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес келуі тұрғысынан қарайды.

8. Уәкілетті орган Мемлекеттік реттеу туралы заңның 13-5-бабына сәйкес уәкілетті орган өтініш берушіге қатысты уәжді пайымдауды қалыптастырған кезде өтініш берушінің құжаттарын қарау мерзімін тоқтата тұрады. Бұл мерзім уәжді пайымдаудың жобасы өтініш берушіге жіберілген сәттен бастап уәкілетті орган уәжді пайымдау қабылдаған күнге дейін тоқтатыла тұрады.

9. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде уәкілетті орган көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігін беру үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылданғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды қарау, тыңдау нәтижелері бойынша жауапты бөлімше қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге келісім беру не беруден бас тарту туралы көрсетілетін қызмет берушінің Басқармасы қаулысының жобасын дайындайды және көрсетілетін қызмет берушінің Басқармасының қарауына жібереді.

10. Көрсетілетін қызметті берушінің Басқармасы Қағидаларға 1-қосымшаның 9-тармағында көзделген негіздер бойынша қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге келісім беру не беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

11. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер болған кезде, өтінішті қарау мерзімі көрсетілетін қызметті беруші басшысының немесе оның орынбасарының дәлелді шешімімен тиімді мерзімге, алайда өтінішті дұрыс қарау үшін маңызы бар нақты жағдайларды анықтау қажеттілігіне байланысты осындай шешім қабылданған күннен бастап 2 (екі) айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін, бұл туралы көрсетілетін қызметті алушыға Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 76-бабының үшінші бөлігіне сәйкес мерзімі ұзартылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарланады.

12. Жауапты бөлімшенің қызметкері жауапты бөлімше көрсетілетін қызметті беруші Басқармасының қаулысы келіп түскеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде (мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің шегінде) Басқарма қаулысының электронды көшірмесін қоса бере отырып, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында, қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк немесе сақтандыру холдингінің мәртебесін иеленуге келісім беру туралы хабарламаны немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту жауапты портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолдайды.

13. Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы ақпарат мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің цифрлық жүйесінде автоматты режимде жаңартылып тұрады.

14. Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының (бұдан әрі – қаржы ұйымы) дауыс беретін акцияларына, оның ішінде базалық активі қаржы ұйымының дауыс беретін акциялары болып табылатын Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған туынды бағалы қағаздар арқылы тікелей немесе жанама иелік ету үлестерін қаржы ұйымының дауыс беретін акцияларының көлемінен қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк немесе сақтандыру холдингі есептейді.

15. Тұлға мыналар:

1) қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк немесе сақтандыру холдингі болып табылатын және қаржы ұйымының дауыс беретін акцияларының он және одан да көп пайызымен дауыс беру мүмкіндігі бар;

2) бірлесіп қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк немесе сақтандыру холдингі болып табылатын тұлғалардың кем дегенде бірінің;

3) қаржы ұйымының ірі қатысушылары, банк немесе сақтандыру холдингі болып табылатын немесе қаржы ұйымының дауыс беретін акцияларының он және одан да көп пайызымен тікелей және (немесе) жанама дауыс беруге мүмкіндігі бар тұлғалардың жиырма бес және одан да көп пайызын тікелей және (немесе) жанама иеленетін (дауыс беруге мүмкіндігі бар) тұлғалардың бірі акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жиырма бес және одан да көп пайызына ие болған жағдайда (оның қаржы ұйымы қабылдайтын шешімдерге жанама ықпал ету, шарттың (растайтын құжаттардың) немесе өзге де тәсілмен) күшімен қаржы ұйымының акцияларына дауыс беру мүмкіндігінің болуы) базалық активі қаржы ұйымының дауыс беретін акциялары болып табылатын Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған туынды бағалы қағаздар арқылы тікелей иелік ететін (дауыс беретін) тұлға болып саналады.

Сондай-ақ мына тұлғалар:

оның басшы қызметкері болып табылатын заңды және жеке тұлға;

жақын туыстар (ата-аналары, балалары, асырап алушылар, асырап алынғандар, толық туысатын және толық туыспайтын інілер (ағалар) мен сіңлі-әпкелер (қарындастар), атасы, әжесі, немерелері), жұбайы (зайыбы) болып табылатын жеке тұлғалар;

осы заңды тұлғаның басшы қызметкерінің жақын туысы (ата-аналары, балалары, асырап алушылар, асырап алынғандар, толық туысатын және толық туыспайтын інілер (ағалар) мен сіңлі-әпкелер (қарындастар), атасы, әжесі, немерелері), жұбайы (зайыбы) болып табылатын заңды және жеке тұлғалар қаржы ұйымының акцияларын бірлесіп иеленген (қаржы ұйымы қабылдайтын шешімдерге жанама ықпал ету мүмкіндігі болған, шарттың (растайтын құжаттардың) немесе өзге де тәсілмен) күшімен осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардың жиырма бес және одан да көп пайызына (жарғылық капиталға қатысу үлесімен) жанама иелік етеді деп танылады.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген тұлғалардан басқа, заңды тұлғалардың акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлесімен) ретімен иелену арқылы қаржы ұйымының, қаржы ұйымының ірі қатысушысының, банк немесе сақтандыру холдингінің немесе бірлесіп қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк немесе сақтандыру холдингі болып табылатын тұлғалардың шешімдерін анықтауға мүмкіндігі бар тұлға қаржы ұйымының (дауыс беруші) акцияларын жанама иеленуші тұлға болып танылады. Бір заңды тұлғаның қаржы ұйымының акцияларын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталға қатысу үлесімен) ретімен иелену арқылы жанама иелену (дауыс беру) үлесі көрсетілген заңды тұлғалардың бірінің екіншісіндегі осы реттілікпен тікелей қатысу үлестерінің туындысы ретінде анықталады.

Егер бір заңды тұлғаның басқа заңды тұлғадағы акцияларды (жарғылық капиталға қатысу үлесімен) иелену (дауыс беру) үлесі елу пайыздан астам болған жағдайда, онда қаржы ұйымының акцияларын жанама иелену (дауыс беру) үлесін есептеу мақсатында коэффициент бірге тең деп қабылданады.

Егер заңды тұлғаның бес пайыздан кем акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлесімен) иеленетін тұлғалардың үлесі осы тұлғаның акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлесімен) жалпы санынан жиырма пайызға асатын болса, ол заңды тұлғаның бес пайыздан кем акцияларына (жарғылық капиталға қатысу үлесімен) иелік ететін тұлғалардың иелігіндегі акцияларды қоспағанда (жарғылық капиталға қатысу үлесімен) осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардың акцияларының жиырма бес және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлесімен) иеленген жағдайда (шартқа (растайтын құжаттарға) сәйкес немесе өзге де түрде оның қабылданатын шешімдерге ықпал етуге (дауыс беруге) мүмкіндігі бар болған жағдайда), мұндай тұлға қаржы ұйымының дауыс беретін акцияларын жанама иеленушісі болып танылады.

16. Банк ірі қатысушының, басқа банктің банк холдингінің, ірі қатысушының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру холдингінің мәртебесін иеленген жағдайда, бір мезгілде банктің немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының еншілес ұйым құруға немесе иеленуге рұқсат алуға өтініші беріледі немесе банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының Мемлекеттік реттеу туралы заңда көзделген тәртіппен ұйымның капиталына қомақты қатысуға рұқсат алуға өтініші беріледі.

17. Жеке және заңды тұлғаларға Банктер туралы заңның 10-бабында және Сақтандыру қызметі туралы заңның 27-бабында тармағында көзделген тәртіппен тиісінше банк, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ашуға рұқсат беру кезінде бір мезгілде банктің ірі қатысушысы немесе банк холдингі, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге келісім беріледі.

18. Мемлекеттік реттеу туралы заңның 9-5-бабы 4-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда, қаржы ұйымының ірі қатысушысы немесе банк немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге уәкілетті органның келісімін алғысы келетін Қазақстан Республикасының бейрезидент заңды тұлғасында тізбесі Мемлекеттік реттеу туралы заңның 9-5-бабының 4-тармағының бірінші бөлігінде белгіленген рейтингтік агенттіктердің бірі берген талап етілетін ең төмен рейтингтің болуы талап етілмейді.

19. Зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды жүзеге асыратын инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге уәкілетті органның келісімін алғысы келетін Қазақстан Республикасының бейрезидент-жеке тұлғасы Мемлекеттік реттеу туралы заңның 9-5-бабы 5-тармағының 2-бөлігінде белгіленген шектеулер ескеріле отырып, келісім алады.

20. Қазақстан Республикасының резидент – заңды тұлғасы уәкілетті орган Банктер туралы заңның 72-бабының 1-тармағына сәйкес белгіленген талаптарды сақтайды.

21. Банкке басқа банктің ірі қатысушысы, банк холдингі мәртебесін иеленуге келісім берген кезде бір мезгілде банктің капиталына қомақты қатысуға не Мемлекеттік реттеу туралы заңда көзделген тәртіппен еншілес банкті құруға немесе иеленуге рұқсат беріледі.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге келісім берген кезде бір мезгілде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының капиталына қомақты қатысуға не Мемлекеттік реттеу туралы заңда көзделген тәртіппен еншілес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға (иеленуге) рұқсат беріледі.

22. Өтініш берушінің Қазақстан Республикасының бейрезидент-заңды тұлғасында ірі қатысуын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін ұсыну бөлігінде Қағидаларға 1-қосымшаның 8-тармағы бірінші бөлігінің 4) тармақшасының және Қағидаларға 1-қосымшаның 8-тармағы екінші бөлігінің 3) тармақшасының талаптары өтініш беруші акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он немесе одан да көп пайызын тікелей немесе жанама иеленетін тұлғалар және өтініш берушіге қатысты бақылауды жүзеге асыратын тұлғалар туралы мәліметтерді растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсыну бөлігіндегі талаптар Қазақстан Республикасының бейрезидент-заңды тұлғасы болып табылатын өтініш берушіге мынадай талаптардың бірі орындалған кезде қолданылмайды:

1) өтініш берушіде тізбесін уәкілетті орган Мемлекеттік реттеу туралы заңның 9-5-бабының 12-тармағына сәйкес белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің "А"-тен төмен емес кредиттік рейтингінің болуы;

2) өтініш беруші ірі қатысушысы болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-заңды тұлғалары туралы, өтініш берушінің ірі қатысушылары туралы, сондай-ақ өтініш берушіге қатысты бақылауды жүзеге асыратын тұлғалар туралы мәліметтердің өтініш беруші резиденті болып табылатын мемлекеттің қаржылық қадағалау органының интернет-ресурсында болуы.

23. Заңды тұлғаның атауы өзгерген, сондай-ақ өтініш беруші-Қазақстан Республикасының бейрезидент-заңды тұлғасының мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі), орналасқан жері туралы мәліметтер өзгерген жағдайда, уәкілетті органның қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге бұрын келісімін алған тұлға заңды тұлға әділет органдарында немесе Мемлекеттік корпорацияда мемлекеттік қайта тіркелген немесе өтініш беруші-Қазақстан Республикасының бейрезидент-заңды тұлғасының мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі), орналасқан жері туралы мәліметтердің өзгеруі туындаған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттарды қоса бере отырып, бұл туралы уәкілетті органға хабарлайды.

Осы өзгерістерге және қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге бұрын берілген келісімге өзгерістер енгізуге уәкілетті органның келісімін алу талап етілмейді.

24. Қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк немесе сақтандыру холдингінің мәртебесін иеленуге уәкілетті органның келісімін алған адам уәкілетті орган көрсетілген келісімді берген күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күн ішінде орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде немесе қаржы ұйымының акцияларын иеленгенін куәландыратын номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде өзінің жеке шотының үзінді көшірмесін ұсынады.

Жаңадан құрылатын қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге уәкілетті органның келісімін алған тұлға қаржы ұйымының акциялары мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күн ішінде орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде немесе аталған тұлғаның қаржы ұйымының акцияларын иеленгені туралы куәландыратын номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде өзінің жеке шотының үзінді көшірмесін ұсынады.

Осы тармақта белгіленген мерзімдерде үзінді көшірме ұсынылмаған кезде уәкілетті орган берген келісім өзінің қолданылуын тоқтатады.

25. Бұрын уәкілетті органның банк немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге келісімін алған және кейіннен банктің немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының белгілері ғана бар тұлға көрсетілген сәйкессіздік туындаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде уәкілетті органның алдында уәкілетті орган бұрын берген банк немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге келісімнің қолданылуын тоқтату және көрсетілген өзгерістерді (сәйкессіздіктерді) растайтын құжаттарды ұсына отырып, банктің немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге уәкілетті органның келісімін беру туралы өтініш жасайды.

26. Қаржы ұйымы ірі қатысушысының, банк немесе сақтандыру холдингінің мәртебесін иеленуге уәкілетті органның бұрын келісімін алған және кейіннен қаржы ұйымының ірі қатысушысының, банк немесе сақтандыру холдингінің белгілері жоқ тұлға көрсетілген сәйкессіздік туындаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде уәкілетті органның алдына көрсетілген өзгерісті (сәйкессіздікті) растайтын құжаттарды ұсына отырып, уәкілетті орган бұрын берген келісімді тоқтату туралы өтініш жасайды.

Қаржы ұйымының ірі қатысушысының, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің өтініші бойынша қаржы ұйымының ірі қатысушысына, банк холдингіне, сақтандыру холдингіне тиесілі он немесе жиырма бес пайыздан аз мөлшерге дейінгі қаржы ұйымы акциялары санының қаржы ұйымының дауыс беретін акцияларының санына пайыздық арақатынасы өзгерген жағдайда не уәкілетті орган берген келісімнің күшін жою үшін негіз болып табылатын фактілерді дербес анықтаған жағдайда, уәкілетті орган

көрсетілген өтінішті алған не уәкілетті орган берілген келісімнің күшін жою үшін негіз болып табылатын фактілерді анықтаған күннен кейінгі күннен бастап уәкілетті органның бұрын берген келісімінің күші жойылды деп саналады.

27. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану жазбаша түрде жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды көрсетілетін қызметті берушінің жоғары тұрған лауазымды адамы, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетілген көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде оның тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпарат Бірыңғай байланыс орталығының 8-800-080-7777 немесе 1414 телефоны арқылы беріледі.

Шағым көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинеттен" портал арқылы жіберілген кезде жолданым туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті берушінің жолданымды өңдеу барысында жаңартылады (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті алушының шағымы ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

28. Шағымда:

1) көрсетілетін қызметті алушының (жеке тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі, пошталық мекенжайы не көрсетілетін қызметті алушының атауы, пошталық мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

2) көрсетілетін қызметті берушінің атауы және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

3) шағым беруші тұлға өзінің талаптары мен дәлелдемелерін негіздейтін жағдайлар;

4) шағымның шығыс нөмірі және берілген күні;

5) шағымға қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетіледі.

Шағымға көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі болып табылатын тұлға қол қояды.

29. Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

3-тарау. Қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге келісім алу үшін ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптар

30. Өтініш беруші ірі қатысушы болып табылатын заңды тұлғалар бойынша мәліметтер Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

31. Өтініш берушінің кірістері мен мүлкі туралы ақпарат, сондай-ақ барлық міндеттемелері бойынша орын алған берешек туралы ақпарат өтініш берушінің қаржылық жай-күйін талдау үшін жеткілікті, растайтын құжаттарды қоса бере отырып, Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады.

32. Өтініш беруші - жеке тұлға туралы мәліметтер, өтініш беруші - заңды тұлғаның басшы қызметкерлері туралы қысқаша деректер Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады.

33. Өтініш беруші-қаржы ұйымы-Қазақстан Республикасы бейрезидентінің Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын басшы қызметкерлері бойынша, олардың мінсіз іскерлік беделін растайтын мәліметтер Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады.

34. Өтініш беруші акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он немесе одан да көп пайызын тікелей немесе жанама иеленетін тұлғалар және өтініш берушіге қатысты бақылауды жүзеге асыратын тұлғалар туралы мәліметтер мынадай ақпаратты қамтиды:

1) заңды тұлғалар үшін:

заңды тұлғаның атауы және орналасқан жері;

заңды тұлғаның жарғысында көзделген қызмет түрлерін көрсете отырып, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы деректер (қызметтің негізгі түрлерін атап көрсету);

жарғылық капиталға қатысу сомасы (сатып алынған акциялардың құны (мың теңгемен));

акциялар санының дауыс беретін акциялардың жалпы санына арақатынасы немесе жарғылық капиталға қатысу үлесі (пайызбен): жеке (тікелей немесе жанама) немесе бірлескен иелену (пайыз, заңды тұлғаның атауы (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде));

2) жеке тұлғалар үшін:

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), тұрғылықты жері және заңды мекенжайы;

жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса);

жарғылық капиталға қатысу сомасы (иеленген акциялардың құны (мың теңгемен));

акциялар санының дауыс беретін акциялардың жалпы санына қатынасы немесе жарғылық капиталға қатысу үлесі (пайызбен): жеке (тікелей немесе жанама) немесе бірлескен иелену (пайыз, ұйымның атауы немесе жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)).

Өтініш беруші – заңды тұлға көрсетілген ақпараттың тексерілгені және дұрыс және толық болып табылатындығы туралы растаманы қамтитын осы мәліметтерді заңды тұлға – өтініш беруші акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он немесе одан да көп пайызын тікелей немесе жанама иеленетін тұлғаларға және осы өтініш беруші – заңды тұлғаға қатысты бақылауды жүзеге асыратын тұлғаларға қатысты қаржы ұйымының ірі қатысушысының, банк холдингінің немесе сақтандыру холдингінің мәртебесін алған кезде ұсынады.

35. Қаржы ұйымының қаржылық жағдайы ықтимал нашарлауы жағдайларында қаржы ұйымын қайта капиталдандыру жоспары мынадай ақпараттан тұрады:

қаржы ұйымының ағымдағы жай-күйін бағалау;

қаржы ұйымының қаржылық жай-күйінің болжамды нашарлауының есебі және нашарлауына әсер ететін өлшемшарттар (пруденциялық нормативтердің өзгеру серпіні, қаржы ұйымының меншікті капиталы мөлшерінің өзгеруі, қаржы ұйымының қаржылық және өзге де көрсеткіштерінің нашарлау жағына қарай өзгеруі);

қаржы ұйымын қаржылық қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралардың (шығыстарды төмендету бойынша шаралар, қаржы ұйымының меншікті капиталын пруденциялық нормативтер және басқа да сақталуы міндетті нормалар мен лимиттер орындалатын шамаға дейін қалпына келтіруге де бағытталған қосымша қаржылық салымдар (ақша салымының сомаларын және көздерін көрсете отырып), қосымша кірістер алу жөніндегі іс-шаралар және басқа іс-шаралар) егжей-тегжейлі сипаттамасы;

қаржы ұйымын қаржылық қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды орындаудың күнтізбелік мерзімдері;

қалпына келтіру іс-шараларының болжанған экономикалық әсері (пруденциялық нормативтердің өзгеру серпіні, қаржы ұйымының меншікті капиталы мөлшерінің өзгеруі, қаржы ұйымының қаржылық және өзге де көрсеткіштерінің өзгеруі).

Егер өтініш беруші банк немесе сақтандыру холдингі не басқа қаржы ұйымының ірі қатысушысы болса, онда уәкілетті органға ұсынылатын қайта капиталдандыру жоспары осы қаржы ұйымының қайта капиталдандыру жоспарына сәйкес өтініш берушінің міндеттемелері ескеріле отырып жасалады.

Қаржы ұйымының қаржылық жағдайының ықтимал нашарлауы жағдайында қаржы ұйымының қайта капиталдандыру жоспары:

1) өтініш беруші – жеке тұлғаның;

2) өтініш беруші – заңды тұлғаның бірінші басшысының қолдармен расталады.

36. Өтініш берушінің бизнес-жоспары мынадай ақпаратты да қамтиды:

1) қаржы ұйымының мақсаттары, міндеттері және қызметінің негізгі бағыттары (көрсетілетін қызметтер түрлері) туралы ақпарат;

2) қаржы ұйымының қызметі жүзеге асырылатын нарыққа талдау;

3) қаржы ұйымы қызметінің таяудағы 5 (бес) қаржы (операциялық) жылындағы даму стратегиясы және ауқымы;

4) таяудағы 5 (бес) қаржы (операциялық) жылға арналған толық жылдық қаржылық жоспар (негізгі қаржылық көрсеткіштердің есебі, бюджет, бухгалтерлік баланс, пайда мен зиян туралы есеп, бизнес-жоспарды қаржыландыру көздері мен көлемдері);

5) тәуекелдерді басқару жоспары (қаржы ұйымының қызметін жүзеге асыруға байланысты маңызды және әлеуетті маңызды тәуекелдердің сипаты және алдағы 5 (бес) қаржы (операциялық) жылында оларды басқару тәсілдері);

6) қаржы ұйымының қызметін ағымдағы кадрлық қамтамасыз ету туралы ақпарат және таяудағы 5 (бес) қаржы (операциялық) жылында еңбек ресурстарын тарту жоспары;

7) өтініш берушінің және қаржы ұйымының болжалды есеп айырысу балансын қоса алғанда, қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк немесе сақтандыру холдингі мәртебесін алғаннан кейін иеленудің қаржылық салдарын талдау, сондай-ақ болған кезде іс-шаралар жоспарын және ұйымдық құрылымын қоса алғанда, қаржы ұйымының активтерін сату, қайта ұйымдастыру немесе қаржы ұйымының қызметіне немесе басқаруға айтарлықтай өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстары және жоспарлары.

Егер өтініш берушінің банк немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуі тиісінше банк конгломератының немесе сақтандыру тобының қалыптасуына әкелген жағдайда, банк немесе сақтандыру холдингінің қатысушысы мәртебесін иеленудің қаржылық салдарын талдау банк конгломератының немесе сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерді сақтауын тексеруді қамтиды.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген талаптарға сәйкес келмеу қаржы ұйымының қаржылық жай-күйінің нашарлауын да болжайды;

8) егер өтініш берушінің банк немесе сақтандыру холдингінің мәртебесін иеленуі тиісінше банк конгломератының немесе сақтандыру тобының қалыптасуына әкелген жағдайда, банк конгломератының немесе сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің болжамды есебі.

Өтініш берушінің бизнес-жоспары:

өтініш беруші – жеке тұлғаның;

өтініш беруші – заңды тұлғаның бірінші басшысының қолдармен расталады.

37. Шет мемлекеттердің құзыретті органдары немесе лауазымды тұлғалары берген құжаттар (Қазақстан Республикасының бейрезидент – жеке тұлғасының жеке басын куәландыратын құжаттарды қоспағанда) Қазақстан Республикасы заңнамасының немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың талаптарына сәйкес заңдастырылуға немесе апостильдендірілуге тиіс.

Шет тілінде ұсынылатын құжаттар қазақ немесе орыс тілдеріне аударылады және Қазақстан Республикасының нотариат туралы заңнамасына сәйкес нотариалды куәландырылуға жатады.

38. Ұсынылған құжаттар Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, уәкілетті орган оларды қараудың Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі

талаптар тізбесінің 3-тармағында көрсетілген мерзімі ішінде өтініш берушіге пошталық , факсимильдік байланыс, электрондық пошта және (немесе) портал арқылы өтініш берушіге оларды жою үшін ескертулермен және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін, пысықталған (түзетілген) құжаттарды ұсыну туралы хат жолдайды. Бұл ретте уәкілетті органның келісім беруге арналған құжаттарды қарау мерзімі үзілмейді.

4-тарау. Қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк және сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге келісімді қайтарып алу тәртібі

39. Уәкілетті орган Мемлекеттік реттеу туралы заңның 9-5-бабында көрсетілген негіздер бойынша қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге берілген келісімді кері қайтарып алады.

Бұл жағдайда осындай шара қолданылған тұлға Мемлекеттік реттеу туралы заңның 9-5-бабының 17-тармағында көрсетілген талаптар орындалған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күннің ішінде уәкілетті органға осы талаптардың орындалуын растайтын мәліметтер мен құжаттарды ұсынады.

Банктің ірі қатысушысы, банк холдингінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, сақтандыру холдингінің, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру, келісімді қайтарып алу қағидаларына және көрсетілген келісімді алу үшін ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптарға
1-қосымша

Мемлекеттік қызметтер көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	Банктің және (немесе) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы және (немесе) банк және (немесе) сақтандыру холдингінің мәртебесін иеленуге келісім беру
	Банктің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру; Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру;

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлерінің атауы		Инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру; Банк холдингі мәртебесін иеленуге келісім беру; Сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге келісім беру.
1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – уәкілетті орган)
2.	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	www.egov.kz "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал)
Ескерту. 2-тармағының осы редакциясының қолданысы 12.07.2026 дейін тоқтатылады – осы бұйрықтың 5-тармағымен.		
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Порталға өтініш берген күннен бастап 50 (елу) жұмыс күні ішінде. Бұл мерзім "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік реттеу туралы заң) 9-5-бабының 15-тармағында көзделген жағдайда тоқтатыла тұрады. Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингі мәртебесін иелену туралы банкті, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ашуға рұқсат алу шеңберінде берілген өтінішті уәкілетті орган порталға жүгінген күннен бастап 65 (алпыс бес) жұмыс күні ішінде қарайды. Микроқаржы ұйымын банкке айналдыру нысанында ерікті түрде қайта ұйымдастыруға рұқсат алу шеңберінде берілген банктің ірі қатысушысы немесе банк холдингі мәртебесін иелену туралы өтінішті уәкілетті орган порталға жүгінген күннен бастап 65 (алпыс бес) жұмыс күні ішінде қарайды.
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)
		Көрсетілетін қызметті беруші Басқармасының тиісті қаулысының көшірмесін қоса бере отырып, банктің ірі қатысушысы,

5.	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	банк холдингі, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге келісім беру туралы хабарлама не мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту.
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан өндіріп алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны өндіріп алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет көрсетудің барлық кіші түрлері бойынша тегін.
7.	Жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және " Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Мерекелер туралы заң) сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі – жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін; 2) портал – жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты болатын техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Мерекелер туралы заңға сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
		Көрсетілетін қызметті алушы - жеке тұлға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы немесе инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін өтініш берген кезде: 1) көрсетілетін қызметті алушы - банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді

басқарушының (жеке тұлғалар үшін) ірі қатысушысы мәртебесін иеленгісі келетін көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иелену туралы өтініш;

2) банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын иелену талаптары мен тәртібін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;

3) банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын иелену үшін пайдаланылатын қаражаттың көздері (шығу тегі) туралы мәліметтердің электрондық көшірмесі, сондай-ақ осы мәліметтерді растайтын электрондық құжаттардың көшірмелері.

Жеке тұлға банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын сыйға тарту, өтеусіз алынған мүлікті сатудан түскен табыс түрінде алынған қаражат есебінен иеленген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы сыйға тартушы адам және сыйға тартушы адамда осы қаражаттың, мүліктің пайда болу көздері туралы мәліметтерді де береді;

4) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш беруші ірі қатысушы болып табылатын заңды тұлғалар бойынша мәліметтердің электрондық көшірмесі.

Егер өтініш беруші Қазақстан Республикасының бейрезидент-заңды тұлғасының ірі қатысушысы болып табылатын

жағдайда, өтініш берушінің Қазақстан Республикасының бейрезидент-заңды тұлғасында ірі қатысуын растайтын электрондық құжаттардың көшірмелері қосымша ұсынылады;

5) Қағидалардың 35-тармағында көзделген мәліметтерді көрсете отырып, банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының қаржылық жай-күйі ықтимал нашарлаған жағдайда банкті, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, инвестициялық портфельді басқарушыны қайта капиталдандыру жоспарының электрондық көшірмесі;

6) Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының кірісі және мүлкі, сондай-ақ барлық міндеттемелері бойынша берешегінің болуы туралы мәліметтердің электрондық көшірмесі. Жеке тұлға - Қазақстан Республикасының резиденті сондай-ақ Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен жасалған активтер мен міндеттемелер туралы декларацияның электрондық көшірмесін (нотариат куәландырған немесе мемлекеттік кірістер органы растаған) – банктің ірі қатысушысы мәртебесін иелену туралы уәкілетті органға өтініш берген күннің алдындағы күнтізбелік отыз күннен ерте емес күні және Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде ұсынылған кірісі және мүлкі туралы декларацияның электрондық көшірмесін салық органының қабылдағаны туралы белгісімен ұсынады.

Активтер мен міндеттемелер туралы декларациядағы мәліметтер активтер мен міндеттемелер туралы декларация

тапсырған айдың бірінші күні көрсетіледі.

Көрсетілген мәліметтерге көрсетілетін қызметті алушының қаржылық жағдайына талдау жүргізу үшін қажетті құжаттар, сондай-ақ бағалаушы өтініш берілген күннің алдындағы соңғы алты ай ішінде айқындаған мүліктің құнын растайтын құжаттар қоса беріледі;

7) еңбек қызметі, мінсіз іскерлік беделі туралы мәліметтерді қоса алғанда, өтініш беруші - жеке тұлға туралы мәліметтердің электрондық көшірмесі Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

Қазақстан Республикасының бейрезидент-жеке тұлғалары мінсіз іскерлік беделін растау үшін азаматтығы бар елдің немесе тұрғылықты тұратын елдің, ал азаматты жоқ адамдар – олардың тұрғылықты тұратын елінің құзыретті мемлекеттік органы берген алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екендігі туралы мәліметтерді растайтын құжаттың электрондық көшірмелерін ұсынады.

Көрсетілген құжатты беру күні өтініш берілген күннің алдындағы алты айдан аспайды (ұсынылған құжатта оның қолданысының өзге мерзімі көрсетілген жағдайларды қоспағанда).

Егер мемлекеттік органы қылмыстар үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екені туралы мәліметтерді растауға уәкілетті елдің заңнамасында олар туралы көрсетілген мәліметтер сұратылатын тұлғаларға растайтын құжаттар беру көзделмесе, онда тиісті растау азаматтығы бар елдің (шетелдіктер үшін) немесе тұрғылықты тұратын елдің (азаматтығы жоқ адамдар үшін) мемлекеттік органының хатымен уәкілетті органға жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы - Қазақстан Республикасының резиденті - заңды тұлғасы банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің мәртебесін иеленуге келісім алу үшін өтініш жасаған кезде:

1) көрсетілетін қызметті алушының бірінші басшысының не оның міндетін атқарушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған, Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы, банк холдингі немесе сақтандыру холдингі (заңды тұлғалар үшін) мәртебесін иелену туралы өтініш;

2) банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын иелену туралы көрсетілетін қызметті алушының тиісті органы шешімінің электрондық көшірмесі (шешім қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында болмаған жағдайда);

3) өтініш беруші акцияларының он немесе одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) тікелей немесе жанама иеленген тұлғалар және Қағидалардың 34-тармағында көзделген ақпаратты қамтитын өтініш берушіге қатысты бақылауды жүзеге асыратын тұлғалар туралы мәліметтердің электрондық көшірмесі, сондай-ақ осы мәліметтерді растайтын құжаттардың көшірмесі;

4) көрсетілетін қызметті алушының үлестес тұлғаларының тізімінің электрондық көшірмесі (тізім қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында болмаған жағдайда);

5) осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 4), 5) тармақшаларында көрсетілген мәліметтер мен құжаттар;

6) аудиторлық есептермен расталған соңғы екі қаржы жылындағы көрсетілетін қызметті алушының жылдық қаржылық есептілігінің (көрсетілетін қызметті алушының еншілес ұйымдары болған жағдайда шоғырландырылған қаржылық есептілігінің) электрондық көшірмесі, сондай-ақ өтініш бергенге дейінгі соңғы аяқталған тоқсандағы көрсетілетін қызметті алушының қаржылық есептілігінің электрондық көшірмесі.

Ағымдағы жылғы 1 қаңтардан 1 маусымға дейінгі кезеңде соңғы аяқталған қаржы жылы үшін қаржылық есептілікті растайтын аудиторлық есеп болмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы өтініш берер алдында соңғы аяқталған қаржы жылы мен соңғы аяқталған тоқсан үшін қаржылық есептіліктің (көрсетілетін қызметті алушының еншілес ұйымдары болған жағдайда шоғырландырылған қаржылық есептіліктің) электрондық көшірмелерін, сондай-ақ соңғы аяқталған қаржы жылының алдындағы екі жыл үшін аудиторлық есептермен расталған жылдық қаржылық есептіліктің (көрсетілетін қызметті алушының еншілес ұйымдары болған жағдайда шоғырландырылған қаржылық есептіліктің) электрондық көшірмелерін ұсынады.

Осы тармақшада көрсетілген қаржылық есептілік, егер көрсетілетін қызметті алушы бір жылдан кем заңды тұлға ретінде тіркелген және оның ірі қатысушысы көрсетілетін қызметті алушы ірі қатысушы мәртебесін иеленуге өтініш берген сол қаржы ұйымының ірі қатысушысы мәртебесі бар тұлға

8.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар және мәліметтер тізбесі

болып табылған, осы қаржылық есептілік қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған жағдайда ұсынылмайды, сондай-ақ қаржылық есептілік көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымы болып табылған жағдайда және осы қаржылық есептілік Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымының немесе шетелдік қор биржасының интернет-ресурсында қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде қолжетімді болған жағдайларды ұсынылмайды;

7) еңбек қызметі, мінсіз іскерлік беделі туралы мәліметтерді қоса алғанда, Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берушінің басшы қызметкерлері туралы қысқаша деректер.

Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын өтініш берушінің басшы қызметкерлері бойынша өтініш беруші олардың мінсіз іскерлік беделін растау үшін азаматтығы бар елдің немесе тұрғылықты тұратын елдің, ал азаматтығы жоқ адамдар - олардың тұрғылықты тұратын елінің құзыретті мемлекеттік органы берген алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екендігі туралы мәліметтерді растайтын құжаттарды, (көрсетілген құжаттардың берілген күні өтініш берілген күннің алдындағы алты айдан астам);

8) тұлғаның өтініш беруге өкілеттігін растайтын құжаттардың және оларға қоса берілетін құжаттардың электрондық көшірмелері.

Көрсетілетін қызметті алушы - Қазақстан Республикасының бейрезидент-заңды тұлғасы банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының,

инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге келісім алу үшін жүгінген кезде:

1) Көрсетілетін қызметті алушының бірінші басшысының не оның міндетін атқарушы тұлғаның ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат түріндегі Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы, банк холдингі немесе сақтандыру холдингінің (заңды тұлғалар үшін) мәртебесін иелену туралы өтініш;
2) осы тармақтың екінші бөлігінің 2), 3), 4), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген құжаттар мен мәліметтер;

Қазақстан Республикасының бейрезиденттері болып табылатын өтініш беруші-Қазақстан Республикасының бейрезидент қаржы ұйымының басшы қызметкерлері бойынша өтініш беруші Қағидаларға 7 – қосымшаға сәйкес нысан бойынша олардың мінсіз іскерлік беделін растайтын мәліметтерді ұсынады. Осы тармақтың екінші бөлігінің 7) тармақшасының мақсаттары үшін басқару органының басшысы, оның орынбасары және басқару органының мүшелері, атқарушы органның басшысы, оның орынбасары және атқарушы органның мүшелері, бас бухгалтер Қазақстан Республикасы бейрезидент заңды тұлғасының (Қазақстан Республикасының бейрезидент қаржы ұйымының) басшы қызметкерлері болып танылады;

3) өтініш беруші резиденті болып табылатын мемлекеттің құзыретті мемлекеттік органы (қаржылық қадағалау органы) берген Қазақстан Республикасының аумағында өз қызметін жүзеге асыратын банктің, сақтандыру (

қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын иеленуге келісімнің (рұқсаттың) электрондық көшірмесі не резиденті өтініш беруші резиденті болып табылатын мемлекеттің құзыретті мемлекеттік органынан (қаржылық қадағалау органынан) осындай келісімнің (рұқсаттың) талап етілмейтіні туралы растаманың электрондық көшірмесі;

4) көрсетілетін қызметті алушы резиденті болып табылатын мемлекеттің заңнамасы бойынша көрсетілетін қызметті алушының қаржылық қызметті жүзеге асыруына арналған лицензияның (рұқсаттың) электрондық көшірмесі не егер көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымы болып табылса, лицензияның (рұқсаттың) талап етілмейтіні туралы көрсетілетін қызметті алушы резиденті болып табылатын мемлекеттің қаржылық қадағалау органы берген растаманың электрондық көшірмесі;

5) құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерінің электрондық көшірмесі.

Көрсетілетін қызметті алушы:

- тізбесін уәкілетті орган Мемлекеттік реттеу туралы заңның 9-5-бабының 13-тармағына сәйкес белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің "А-"-тен төмен болмайтын кредиттік рейтингіне ие Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі банк холдингі мәртебесін иеленуге келісім алу үшін,

- тізбесін уәкілетті орган Мемлекеттік реттеу туралы заңның 9-5-бабының 13-тармағына сәйкес белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің "А-"-тен төмен болмайтын кредиттік рейтингіне ие Қазақстан

Республикасының
бейрезидент-сақтандыру ұйымы
сақтандыру холдингі мәртебесін
иеленуге келісім алу үшін
жүгінген кезде:

1) көрсетілетін қызметті
алушының бірінші басшысының
не оның міндетін атқарушы
тұлғаның ЭЦҚ-мен
куәландырылған электрондық
құжат нысанында Қағидаларға 3-
қосымшаға сәйкес нысан бойынша
банктің ірі қатысушысы,
сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымы, инвестициялық
портфельді басқарушы, банк
холдингі немесе сақтандыру
холдингі (заңды тұлғалар үшін)
мәртебесін иелену туралы өтініш;
2) осы тармақтың бірінші
бөлігінің 5) тармақшасында, осы
тармақтың екінші бөлігінің 2), 3),
6), 8) тармақшаларында, осы
тармақтың үшінші бөлігінің 3)
және 4) тармақшаларында
көрсетілген құжаттар мен
мәліметтерді ұсынады.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін
қосымша шарттар:

1) мына көрсетілетін қызметті
алушылар құжаттар мен
мәліметтерге қосымша
Қағидалардың 36-тармағында
белгіленген талаптар таяудағы 5 (бес)
жылға арналған
бизнес-жоспар ұсынады:

- дауыс беретін акциялардың 25 (жиырма бес) немесе одан да көп пайызын иелену үлесі бар банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы немесе инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге ниетті жеке тұлғалар;

- банк немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленгісі келетін заңды тұлғалар;

2) егер көрсетілетін қызметті алушы - жеке немесе заңды тұлға уәкілетті органның алдын ала жазбаша келісімін алмай, сыйға тарту шартының, сенімгерлік басқару шартының негізінде

немесе мұраны қабылдау нәтижесінде, ол Мемлекеттік реттеу туралы заңның 9-5-бабының 9-тармағында белгіленген талапқа сәйкес тиісті мәртебе иелену туралы өтінімді ұсынған кезде банктің ірі қатысушысының, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысының, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің белгілеріне сәйкес келген жағдайда:

банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының акцияларына қатысты сыйға тарту, сенімгерлік басқару, мұрагерлік шарттары мен тәртібін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері; осы тармақтың бірінші бөлігі 4), 5), 6), 7) тармақшаларда көзделген құжаттар;

егер көрсетілетін қызметті алушы заңды тұлға болып табылған жағдайда осы тармақтың екінші бөлігінің 8) тармақшасында көзделген құжаттар;

осы тармақтың үшінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген құжат - егер көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының бейрезидент - заңды тұлға болып табылған жағдайда;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалаушы айқындаған сыйға тарту шартының, сенімгерлік басқару, мұрагерлік шартының мәні болып табылатын акциялардың құны туралы мәліметтердің электрондық көшірмесі, оның ішінде растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса береді.

Көрсетілетін қызметті алушы банктің ірі қатысушысы немесе банк холдингі мәртебесін алу қажет болған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы банк

		ашуға рұқсат беру туралы өтінішке осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасын және осы тармақтың екінші бөлігінің 2) тармақшасын қоспағанда, осы тармақтың бірінші, екінші, үшінші , төртінші бөліктерінде көзделген құжаттар мен мәліметтерді қоса береді. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) құжаттары туралы мәліметтер көрсетілетін қызметті берушіге "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден ұсынылады. Ескерту. 8-тармағының елуінші абзацының осы редакциясының қолданысы 12.07.2026 дейін тоқтатылады – осы бұйрықтың 5-тармағымен.
		Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының немесе инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысының (бұдан әрі – қаржы ұйымының ірі қатысушысы), банк холдингі, сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге келісім беру бойынша: 1) Мемлекеттік реттеу туралы заңның 9-4-бабы 2-тармағының 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында белгіленген талаптарды сақтамау (жеке тұлғаға немесе көрсетілетін қызметті алушы-заңды тұлғаның басшы қызметкерлеріне қатысты); 2) көрсетілетін қызметті алушының тұрақсыз қаржылық жағдайы. Көрсетілетін қызметті алушының орнықсыз қаржылық жағдайы деп мынадай белгілердің біреуінің болуы түсініледі: көрсетілетін қызметті алушы - көрсетілетін қызметті алушының ірі қатысушысы болып көрсетілетін қызметті алушы ірі қатысушы мәртебесін иеленуге өтініш берген сол қаржы ұйымының ірі қатысушысы мәртебесі бар тұлға болып табылатын жағдайларды

қоспағанда, өтініш берілген күнге дейін 2 (екі) жылдан аз уақыт бұрын құрылған заңды тұлға; көрсетілетін қызметті алушының міндеттемелері басқа заңды тұлғалардың акцияларына және жарғылық капиталына қатысу үлесіне орналастырылған активтер сомасын шегергенде және қаржы ұйымының акцияларын иеленуге болжанатын активтерінен асып түседі;

аяқталған 2 (екі) қаржы жылының әрқайсысының нәтижелері бойынша шығындар;

көрсетілетін қызметті алушының міндеттемелерінің мөлшері қаржы ұйымының қаржылық жағдайына айтарлықтай қауіп төндіреді;

банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының мерзімі өткен және (немесе) теңгеріміне жатқызылған көрсетілетін қызметті алушының қаржы ұйымы алдындағы берешегінің болуы;

көрсетілетін қызметті алушының қаржы ұйымының, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуінің қаржылық салдарын талдау көрсетілетін қызметті алушының қаржылық жай-күйінің нашарлауын болжайды;

көрсетілетін қызметті алушының мүлкінің құны (көрсетілетін қызметті алушының міндеттемелерін шегергенде) қаржы ұйымының акцияларын иелену үшін жеткіліксіз;

уәжді пайымдауды пайдалана отырып анықталған, көрсетілетін қызметті алушының орнықсыз қаржылық жағдайының бар екенін және (немесе) банкке және (немесе) оның депозиторларына, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына және (немесе) оның клиенттеріне, инвестициялық портфельді басқарушыға және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының

салымшыларына шығын келтіру ықтималдығын куәландыратын өзге де негіздер;

3) ұсынылған құжаттардың Мемлекеттік реттеу туралы заңның 9-5-бабының талаптарына сәйкес келмеуі немесе ұсынылған құжаттар бойынша уәкілетті органның ескертулерін жоймау;

4) көрсетілетін қызметті алушының қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуі нәтижесінде Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын бұзу;

5) қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингі мәртебесін иеленетін тұлға "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Банктер туралы заң) 9-бабының 4-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, тізбесін уәкілетті орган Мемлекеттік реттеу туралы заңның 9-5-бабының 16-тармағының 5) тармақшасына сәйкес белгілейтін оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлға болып табылатын жағдайда;

6) көрсетілетін қызметті алушының Банктер туралы заңның 6-бабы 3-тармағының үшінші бөлігінде көзделген талаптарды, сондай-ақ қаржы ұйымының ірі қатысушыларына, банк холдингтеріне, сақтандыру холдингтеріне Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген өзге де талаптарды сақтамауы;

7) көрсетілетін қызметті алушының қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуінің қаржылық салдарын талдау тиісінше қаржы ұйымының қаржылық жағдайының нашарлауын болжайды;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер

8) көрсетілетін қызметті алушы-Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымында мұндай лицензия (рұқсат) осындай мемлекеттің заңнамасы бойынша талап етілетін жағдайларда өзі резиденті болып табылатын мемлекеттің заңнамасы бойынша қаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияның (рұқсаттың) болмауы;

9) Мемлекеттік реттеу туралы заңның 9-5-бабының 4-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, көрсетілетін қызметті алушы-Қазақстан Республикасының бейрезидент-занды тұлғасында не оның бас ұйымында тізбесін уәкілетті орган Мемлекеттік реттеу туралы заңның 9-5-бабының 4-тармағының екінші бөлігіне сәйкес белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің ең төмен қажетті рейтингінің болмауы;

10) қаржы ұйымының қаржылық жағдайы нашарлауы мүмкін болған жағдайда қаржы ұйымын қайта капиталдандырудың ұсынылған жоспарының тиімсіздігі;

11) көрсетілетін қызметті алушы - жеке тұлғаның, көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкері - заңды тұлғаның мінсіз іскерлік беделінің болмауы;

12) көрсетілетін қызметті беруші немесе Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымы резиденті болып табылатын мемлекеттің қаржылық қадағалау органы оларды таратуға және (немесе) қызметті жүзеге асыруды тоқтатуға әкелген реттеу режимін банкке қолдану, қаржы ұйымын, оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымын лицензиядан айыру туралы қаржы нарығында не қаржы ұйымын,

оның ішінде қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген немесе оны Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымы резиденті болып табылатын Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе мемлекеттің заңнамасында белгіленген банкрот деп тану туралы шешім қабылдағанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде көрсетілетін қызметті алушы бұрын ірі қатысушы - жеке тұлға не ірі қатысушы - заңды тұлғаның бірінші басшысы және (немесе) қаржы ұйымының, оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымының басшы қызметкері болып табылған не болып табылатын жағдайлар.

Көрсетілген талап көрсетілетін қызметті беруші немесе резиденті Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымы болып табылатын мемлекеттің қаржылық қадағалау органы банкке реттеу режимін қолдану, оларды таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметін жүзеге асыруды тоқтатуға әкелген қаржы ұйымын, оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымын лицензиядан айыру туралы шешім қабылдағаннан кейін немесе қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату, оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымы немесе оны Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымы резиденті болып табылатын мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін он жыл ішінде қолданылады.

Осы тармақшаның мақсаттары үшін қаржы ұйымы деп сондай-ақ

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалы, Қазақстан Республикасының бейрезидент- сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы, Қазақстан Республикасының бейрезидент- сақтандыру брокерiнiң филиалы түсiнiледi;

13) банк холдингi, сақтандыру холдингi мәртебесiн иеленуге ниеттенген Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымының Мемлекеттiк реттеу туралы заңның 9-5-бабының 6-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмеуi;

14) көрсетiлетiн қызметтi алушы - Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымы өзiнiң орналасқан елiнде шоғырландырылған негiзде қадағалауға жатпайтын жағдайлар ;

15) Қазақстан Республикасының бейрезидент-банк конгломератына қатысушы елдердiң заңнамасы олардың және банк конгломератының Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген талаптарды орындау мүмкiн болмайтындығына байланысты банк конгломератына шоғырландырылған қадағалау жүргiзудiң мүмкiн еместiгi;

16) банктi, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ашуға рұқсат беруден бас тарту үшiн негiздердiң болуы;

Егер банк, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы еншiлес банктi, еншiлес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құру, сатып алу не банктiң, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жарғылық капиталына елеулi қатысуды иелену үшiн басқа банктiң, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының iрi қатысушысы, банк холдингi, сақтандыру холдингi мәртебесiн иеленуге ниеттi болған жағдайда, уәкiлеттi орган ұсынылған құжаттарды қарау кезiнде Мемлекеттiк реттеу

туралы заңның 9-6-бабының 3-тармағында көзделген бас тарту негіздерін ескереді. Еншілес ұйымды құруға, сатып алуға, ұйымның капиталына елеулі қатысуға рұқсат беруден бас тарту негіздері болған кезде уәкілетті орган банктің ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, банк холдингі, сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге келісім беруден бас тартады;

17) "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалған көрсетілетін қызметті алушының бенефициарлық меншік иесі-заңды тұлғаның қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға саласындағы қылмыстар үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болуы;

18) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық дәйексіздігін анықтау;

19) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

20) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алумен байланысты арнайы құқығынан айырылған заңды күшіне енген сот шешімінің болуы;

		21) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.
10.	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де талаптар.	Мемлекеттік қызмет көрсету орнының мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің ресми интернет-ресурсында орналастырылған. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті" арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері бойынша Бірыңғай байланыс орталығынан алу мүмкіндігіне ие. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары көрсетілетін қызметті берушінің ресми интернет-ресурсында орналастырылған. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері бойынша Бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777 немесе 1414.

Банктің ірі қатысушысы, банк холдингінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, сақтандыру холдингінің, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру, келісімді қайтарып алу қағидаларына және көрсетілген келісімді алу үшін ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптарға
2-қосымша

Нысан

"Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және

**Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді
басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иелену туралы өтініш (жеке тұлғалар үшін)**

" ____ " _____ ЖЫЛ

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі
немесе жеке тұлға резиденті болып табылатын мемлекетте жеке тұлға үшін
қалыптастырылатын өзге де бірегей нөмір (бар болса), азаматтығы бар елі,
тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжаттың деректері),

(банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді
басқарушының атауы, банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының,
инвестициялық портфельді басқарушының бизнес сәйкестендіру коды (қажетін
таңдау

керек)

ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге рұқсат беруді сұрайды.

Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді
